

8-дәріс. Компанияның қосылған акционерлік құны (SVA).

8.1 Компанияның қосылған акционерлік құнын есептеу мәні.

8.2 Таза пайда.

8.3 Инвестицияланған капитал.

8.4 Қалдық пайда.

Э.ғ.д., доцент Тургинбаева А.Н.

8.1 Компанияның қосылған акционерлік құны стратегиялық шешімдерді қабылдаудың дұрыстығын бағалау үшін қолданылады. Жалпы алғанды, бұл компанияның шешімі қабылданғанға дейінгі және шешім қабылданғаннан кейінгі құнының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

SVA = капиталдың сметалық құны – капиталдың баланстық құны.


Капиталдың сметалық құны компанияның бір жай акциясының құнын орналастырылған акциялардың санына көбейткендегі сомасы.

Баланстық құн бұл компанияның есебінде көрсетілген активтерінің құны. Бұл бастапқы сатып алу бағасында немесе активтерді мерзімді қайта бағалау негізіндегі құны болуы мүмкін.

Қосылған акционерлік құнды есептеу компанияның дамуына инвестиция қажет және де ол компания құнын одан әрі арттыруға ықпал етуіне негізделеді. Сонда, қосылған акционерлік құн компания капитал құнының өсуі мен осу өсуді тудырған инвестициялар арасындағы айырма ретінде анықталады.

Қосылған акционерлік құнды қолданудың негізгі алғы шарттары келесілер:

- ✓ Бизнес өзінің бәсекелік артықшылығы бар кезде ғана бұл құнды құрады;
- ✓ Болжамда кезеңде компанияның бәсекелік артықшылығы бар, және ол кезеңмен шектелген;
- ✓ Өндірістік қуаттылықты қалыпты деңгейде ұстау үшін негізгі капиталды қалпына келтіру, және жылдық амортизациялық шығындарды т.б жыл сайынға қайталанатын шығындар.



8.2 Таза пайда компания қызметіндегі салықтық төлемдерден, жинақтардан, аударымдардан, және міндетті төлемдерден кейін бюджеттегі қалатын сома.

Таза пайда = жалпы пайда – операциялық шығындар;

Таза пайда бухгалтерлік есептіліктің қағидаларына сәйкес есептеледі. Ұйымдар бұл көрсеткіштерге ерекше назар аударады, дегенмен компания қызметінің тиімділігін бағалау үшін оның жалғыз өзі жеткіліксіз болады. Бұл параметрдің негізгі кемшілігі ол негізгі қаржыны басқару нәтижесі мен инфляция әсерін ескермейді. Инфляцияның жоғарғы деңгейінде таза пайданы өсіру тек инфляциялық пайданың артуы арқылы ғана болуы мүмкін.

Акцияға шаққандағы пайда = (таза пайда – артықшылығы бар акцияларға дивидент) / кезең үшін өлшенген жай акциялармен олардың баламалылығының саны.

Бұл көрсеткіштің артықшылығы компанияның табыстылығын және акцияларының нарықтағы жағдайын сипаттайды. Акцияға шаққандағы пайданы есептеу үшін негіз таза пайда болғандықтан, оның таза пайдаға қатысты кемшіліктері – таза ақша ағыны болып табылады.

8.3 Инвестицияланған капитал бұл көрсеткіш капиталға салынған салымның табыстылығын көрсетеді. Пайда ретінде әдетте ұйымның белгілі бір кезеңдегі таза пайдасы алынады, ал инвестиция— бұл инвестицияланған капитал құны болып табылады. ROI коэффициенті кәсіпорынның активтерін пайдалану тиімділік дәрежесін және капиталдың тартылған құнын ескеруді көрсетеді.

*Инвестицияланған капиталға пайда =
пайда/инвестиция*



ROI ақшаның уақытша құнын ескермейді, әсіресе жоғары инфляция жағдайында. Сонымен қатар, ROI ға басқару шешімдері, техникалық қызмет көрсетуді кейінге қалдыру немесе зерттеу мен маркетингке кететін шығындарды қысқарту әсер етеді.

Және де ROI-ды қолдануда әр кезеңдегі және әр бөлімшедегі қызмет нәтижелерін салыстыруда абай болу қажет. Бұл көрсеткішке ұқсас «акционерлік капиталға табыс» (ROE).

Акционерлік капиталға табыс = пайда/акционерлік капитал.

Бұл көрсеткіш кәсіпорынның экономикалық құнын арттырудағы ұзақ мерзімді міндеттерді жоспарлауда тиімді болып табылады.

Қалдық табыс таза пайданың балама түрі болып табылады, осы пайданы алуға бағытталған капитал құнын ескереді.





$$\text{Return On Investment (ROI)} = \frac{\text{Earnings before Interest and Taxes (EBIT)}}{\text{Capital Employed}}$$



8.4 Қалдық пайда таза пайданың баламасы болып табылады, мұнда осы пайданы алуға бағытталған капитал құны ескеріледі.

Қалдық табыс = пайда-инвестициялық капитал құны.

«Инвестиция орталығы» түсінігін енгізу қалдық пайда көрсеткішін компания қызметінің нәтижесін өлшеу үшін және қаржылық басқарудың тиімділік көрсеткішін анықтау үшін қолданады. Бұл жағдайда көрсеткіш оған бөлінген пайда мен шығындар орталығы инвестициялық капитал ресурстарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. Қалдық табыс көрсеткіші инвестициялауға байланысты тәуекелдерді сипаттайды. Мысалы, қатты өзгеріске ұшыраған қызметтерді, компанияны қаржыландыру тұрақты компанияның инвестициялағанға қарағанда неғұрлым қымбатырақ болуы мүмкін, сондықтан, бірінші жағдайда, инвестициялық капиталдың құны жоғары болады.